

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қазандағы № 228 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 қарашада № 5142 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 1 қарашадағы № 70 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 01.11.2021 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) ай сайын үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынын.

2. Мыналар:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін);

психологиялық - медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;  
банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжатты;  
оку орнының мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын анықтамасын  
ұсынады.

Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде  
ұсынлады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады;

4) әр кемтар балаға оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тиісті оку  
жылы ішінде жүргізіледі деп белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы  
мәслихатының 28.05.2020 № 380 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған  
құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап  
туындаған қатынастарға таратылады.

Ұзынкөл аудандық мәслихатының  
кезектен тыс сессиясының төраймы  
Ұзынкөл аудандық  
мәслихатының хатшысы

Т. Гуляева  
Б. Вербовой

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК